

10

ҚОҒАМДЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ

ЖАҚИЯ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ БЛАГОТВОРИТЕЛЬНЫЙ ФОНД

“ЖАҚИЯ” ҚОРЫНЫҢ 2023 ЖЫЛ
БОЙЫНША ЖЫЛ ЕСЕБІ

Дайындаған:
Майра Альжанова



ҚОРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Қоғамдық қор “ Жақия қайырымдылық қоры” 2012 жылдан бері жұмыс істейді.

Қордың миссиясы - аз қамтылған отбасылар мен балалар үйінің тәрбиеленушілері мен жастардың білім, тәрбие және салауатты өмір салтын қалыптастыру мүмкіндіктерін жақсарту арқылы Қазақстанның табысты және жемісті азаматтары болу әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау.

Қордың мақсаты -аз қамтылған отбасылар мен балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және жастарға жоғары білім алу мүмкіндігін сыйлау арқылы көмек көрсету және сапалы стоматологиялық көмек алу мүмкіндігін беру.

Бұл мақсат қор қызметінің келесі негізгі бағыттарын көрсетеді:

БІЛІМ: ҚОР АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАР МЕН БАЛАЛАР ҮЙІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУ ҮШІН БІЛІМ ГРАНТТАРЫН БЕРЕДІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ: :

- Қазақстан бойынша жоғары оқу мекемелерінде оқитын студенттерге қаржылық көмек көрсету;
- Ай сайын шәкіртақымен қамтамасыз ету.

ТӘРБИЕ: ҚОР АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАР МЕН БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ МЕН ЖАСТАРҒА ТАБЫСТЫ ӨМІР СҮРУГЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ:

- Білім беру мекемелеріне қолдау көрсету;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін қолдау.

ДЕНСАУЛЫҚ: ҚОР АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАР МЕН БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ МЕН ЖАСТАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУЫН ҚОЛДАЙДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ:

- Стоматологиялық қызметтерді қабылдауға көмек беру;
- Ауыс қуысы денсаулығының маңызын насихаттау.

ҚОР КОМАНДАСЫ



Шолпан Сарсенова
Қор қамқоршысы



Рахат Садыков
Қор Президенті



Ирина Егорова
Қор есепшісі



Майра Альжанова
Қор үйлестірушісі

ҚОР БАҒДАРЛАМАЛАРЫ


“Күлкі сыйла”
стоматологиялық көмек
бағдарламасы



Білім саласында Жақия Сәрсенов
атындағы грант тағайындау
бағдарламасы



Білім беру ұйымдарын қолдау
бағдарламасы



“КҮЛКІ СЫЙЛА” СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК БАҒДАРЛАМАСЫ :

Бағдарламаның мақсаты - балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және аз қамтылған отбасы балаларына мемлекет тарапынан қаржыландырылмайтын, тұрақты негізде стоматологиялық және ортодонтиялық қызмет көрсету.

- 2023 жыл бойынша 40 бала брекет-жүйесі емін алды.

Бағдарламаға қатысқан балалар:

- Алматы облысының № 1 балалар үйі;
“Жетім” және “Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар” мәртебесін алған **98 бала** тәрбие алуда;
- Алматы қаласының SOS балалар ауылы
“Жетім” және “Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар” мәртебесін алған **50 бала** тәрбие алуда.
- Алматы қаласы мен Алматы облысындағы балалар үйінде тұратын **125** балаға тіс дәрігерінің алғашқы кеңесі және ауыз қуысының тазалығы бойынша сабақтар өткізілді.

- «PROTECO Asia» ЖШС-мен жасалған келісім балалардың тістерін сапалы емдеуге мүмкіндік береді

Біз «PROTECO Asia» ЖШС-мен келісім-шарт жасасып, оған сәйкес Estelite пломбалық материалдарын (Токуяма, Жапония) тегін алдық. Бұл материалдар бізге балалардың тістерін жоғары сапалы емдеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар емдеу құнының 10% үнемдейді.



ЖАҚИЯ СӘРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ , БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарламаның мақсаты – аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың түлектерін анықтау және қолдау. Бағдарлама оқу үлгерімі жақсы және әрі қарай оқуға ынтасы бар студенттерге арналған.


2012 жылдан 2023 жылға дейін “Жақия Сәрсенов атындағы, білім гранты” бағдарламасы бойынша **60 студент** оқуын толықтай қаржыландыруға және ай сайын “Жақия” қорынан шәкіртақыға ие болды.

2023 жылы қор жаңадан келген студенттерге, оның ішінде болашақ дәрігер, лингвист, графикалық дизайнер және шет тілі мен қазақ тілі мұғалімдеріне **6 грант** бөлді.

Қазіргі таңда “Жақия Сәрсенов атындағы білім гранты” бағдарламасы бойынша **26 студент** білім алуда, солардың ішінде **13 студент** АО “Қазақстандық Иджара компания”-сының (КИК) қаржыландырылуымен білім алуда.

2021-2023 жылдар аралығында АО “Қазақстандық Иджара компания”-сынан түскен қаржы сомасы **38 272 779 теңгені** құрайды.

Қор әр тоқсан сайын АО “КИК”-ке қайырылымдылық көмектің дамуымен байланысты қаржылық есеп береді.



Общая сумма финансирования с 2012 по 2023 год составляет: **112 045 018 тенге**

ЖАҚИЯ СӘРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ГРАНТТАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Студенттердің жетістіктері:

- **Аружан Калелхан**, Алматы Менеджмент Университетінің 4 курс студенті, Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысып, бір семестр в **Hof University of Applied Sciences (Германия)** білім алды.
- **Карина Махамбетова**, Алматы Менеджмент Университетінің 4 курс студенті, **Pricewaterhousecoopers LLP Junior Audit Associate** халықаралық компаниясынан қызмет лауазымына ұсыныс алды.
- **Бақытнұр Айтмухамбетова**, Мақсұт Нәрікбаев атындағы Университетінің (КАЗГЮУ) 3 курс студенті, Erasmus+ халықаралық стипендиялық бағдарламасында екі қатысушының бірі болды және бір семестрді Льеж университетінде (Бельгия) өткізді. Нұрсұлтан Назарбаев қорының шәкіртақысын жеңіп алды. КАЗГЮУ командасының құрамында олар 2023 жылғы AIFC Court Moot Final VI финалының кубогын жеңіп алды. (Бұл халықаралық турнир, бұнда сот ісін құрастырушылар Ұлыбританиядағы Калифорния университетінен. Қатысушылар МФЦА төрешілер алдында коммерциялық құқық сұрақтары бойынша ағылшын тілінде ауызша дәлелдер келтіреді. коммерциялық құқық мәселелері бойынша МФЦА соты.)



ЖАҚИЯ СӘРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ГРАНТТАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Студенттердің жетістіктері:

- **Насыржан Марат**, Жақия Сәрсенов атындағы мектептің түлегі, Марат Оспанов атындағы медициналық университеттің 3 курс студенті, **Ақтөбе облысының Әкімінің шәкіратқысының иегері атанды.**
- **Бейбіт Жанболатұлы**, Жақия Сәрсенов атындағы мектептің түлегі, Ақтөбе аймақтық Қ.Қ. Жұбанов атындағы мемлекеттік университеттің 3 курс студенті, Университет КВН командасының құрамының мүшесі **“Жайдарман” республикалық лигасына жолдама алды.** “Жайдарман” медиа футбол командасының ойыншысы. Медиалық футбол лигасында 3-орын иеленді.
- **Ақжол Сабыр**, Қазақстан-Ресей университетінің 3 курс студенті. Баскетбол командасының құрамында **Нархоз Университетімен жолдастық матчта ойын көрсетті.**



ЖАҚИЯ СӘРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ГРАНТ БАҒДАРЛАМАСЫ



Жақия Сәрсенов атындағы білім гранты
бағдарламасы бойынша студенттер:



26 студент



Қазақстанның 14 ЖОО-да





Қазақстанның 7 аймақтарында

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

• Алматы қаласындағы №1 балалар үйіндегі жаттығу бөлмесінің жаңарылуы

«Білім беру ұйымдарын қолдау» бағдарламасы аясында Алматы облыстық №1 балалар үйінде балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған спорт залы күрделі жөндеуден өтіп, жабдықталды. Қазіргі таңда мекемеде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 98 бала бар.



“Алматы облыстық балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған Invictus GO фитнес орталығының жаттықтырушыларының шеберлік сабағы

Invictus GO фитнес орталықтар желісінің тәжірибелі жаттықтырушыларының қатысуымен шеберлік сабақ ұйымдастырылды.

Шара Алматы облыстық балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін ұйымдастырылды.

Балаларға жаттығу құралдарын пайдалану ережелері және жаттығуларды орындаудың дұрыс техникасы түсіндірілді...



ОҚУ ОРЫНДАРЫН ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ


- “Жаса” қорының жобасына қолдау көрсеттік.

“Жаса” қоры қаланы көрсету үшін Алматы қаласының балалар үйінен 100 тәрбиеленушілерді шақырды.

Біз 200 бөтелке су, 65 кино билеті, шырындар мен тіскебасарлармен қамтамасыз еттік.




Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық мұражайда 8 кондиционер және орнату жұмыстарын жүргіздік .



ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

- “Жанұя” маманданлырылған орталығының 80 балаларды Балаларды қорғау күнімен құттықталуы ЖШС “Исткомтранс” және ЖШС “Ремвагон” қызметкерлері балалар үшін трансфер ұйымдастырды. Кинотеатр желісі KinoPark Esentai мультфильмге 90 тегін билеттермен қамтамасыз етті. “Пельмень” дәмханасы балаларды тәттілермен сый көрсетті.



- “Жанұя” Балалар ауылының бүлдіршіндерін Жаңа жылмен құттықтадық.

Жаңа жыл қарсаңында біз арнайы сыйлықтар дайындап, Қостанай қаласындағы “Жанұя” балалар ауылындағы бүлдіршіндерді құттықтадық. Ауылда жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 45 бала тәрбие алып жатыр. Қостанай қаласының Вагон жөндеу депосының қызметкерлері балаларға өздері сыйлықтарын табыстады.



ОҚУ ОРЫНДАРЫН ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

- ЖШС «Исткомтранс» , ЖШС «Ремвагон» және ТЛЦ «Жетыген» қызметкерлері «Аяз Ата бол» атты қайырымдылық жобасына қатысты.

. Аталған ұйымдардың қызметкерлері «Аяз ата бол» қайырымдылық жобасына қосылды. Жоба барысында Шелек ауылындағы балалар үйінің 26 баласына және Жауғашты ауылындағы бас бостандығынан айырылған аналары жазасын өтеп жатқан 40 балаға сыйлықтар берілді.



ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

- **Аралтөбе, Ақтөбе облысының ауылдың балаларына арналған жаңа жылдық сыйлықтар**

Жақия Сәрсенов атындағы мектептің бастауыш сынып оқушыларын (70 оқушы) жаңа жыл мерекесімен құттықтап, «Киндер» компаниясынан тәтті сыйлықтар алды. Сондай-ақ, Аралтөбе ауылында орналасқан 25 жас бүлдіршінге арналған «Болашақ» балабақшасына ойыншықтар мен тәттілер жіберілді.




- **Жетіген ауылындағы бүлдіршіндерді Жаңа жылмен құттықтадық**

ТЛЦ “Жетіген” «Исткомтранс» ЖШС-мен бірлесе отырып, Жетіген ауылындағы аз қамтылған отбасынан шыққан 79 баланы Жаңа жыл мерекесімен құттықтадық. Әр балаға тәтті сыйлықтар, жемістер мен отандық баспалардан шыққан кітаптар таратылды. «Жетіген» ТЖК қызметкерлері балаларға сыйлықтарды өздері табыстады.




“ЖАҚИЯ” ФОНДЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРІ

Instagram



Facebook



2023 жылы 23 пост, рилс форматында 11 бейнежазба, және 122 история салынды. Барлық контент қосымша мамандардың тартуынсыз, фонд үйлестірушісі арқылы атқарылады.

“ЖАҚИЯ” ФОНДЫНЫҢ САЙТЫ

“Жақия” Фондының сайтында 2023 жыл бойынша 12 мақала қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде дайындалып, жүктелді.

The screenshot displays the JAQIYA website interface. At the top left is the JAQIYA logo with the text "ҚОҒАМДЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ". To the right, contact information is provided: "Звоните нам: +7 (727) 3 555 111". Social media links for Facebook, VK, and Instagram are shown under "Мы в соц. сетях". A language dropdown menu is set to "Русский". The main navigation menu includes "О фонде", "Новости и события", "Программы", "Галерея", and "Контакты".

The main content area features a "НОВОСТИ И СОБЫТИЯ" section with a breadcrumb trail: "Главная > Новости и события". A button labeled "СМИ о нас" is also visible.

The news grid contains the following articles:

- Мы дарим детям уверенную и здоровую улыбку!**
Мы дарим детям уверенную и здоровую улыбку!
16 октября 2023
- СПИСОК НОВЫХ ОБЛАДАТЕЛЕЙ ГРАНТА ИМЕНИ ЖАКИИ**
СПИСОК НОВЫХ ОБЛАДАТЕЛЕЙ ГРАНТА ИМЕНИ ЖАКИИ
21 августа 2023
- Поддержали проект Фонда "Жаса"**
Поддержали проект Фонда "Жаса"
4 августа 2023

Additional article thumbnails are visible at the bottom of the page, including a graduate holding a diploma and a group of people in a gymnasium.

“ЖАҚИЯ” ҚОРЫНЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КІТАП

Жақия Бұқарбайұлы туралы “Ғибратты ғұмыр иесі” және “Жақия” қоры туралы кітаптар басылып шықты.



ҚОСЫМША ІС-ШАРАЛАР

- “DOS” Фондының “Бейкоммерциялық ұйымдарға қалай бизнеспен айналысуға болады” деген тақырыпқа өткен мастер класста қор үйлестіруші қатысты.
- Евразия Центральной Азии Фондының “Сіздің дауысыңыз маңызды. Технологиялар арқылы азаматтық шешім қабылдау” атты үш күндік тренингке үйлестіруші қатысты.
- Қор үйлестірушісі Алматы марафонында “Жақия” қорының атынан қатысты.
- “Жақия Сәрсенова” атындағы грант иегерлері
- “Исткомтранс” ЖШС компаниясының тимбилдігіне қатысты.



СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР БОЙЫНША

ЖОБАЛАР ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Альжанова Майра

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН

+ 7 (747) 628 - 23 - 04

+ 7 727 3555111 (вн. 703)

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕКЕН-ЖАЙ

alzhanova@zhakiya.kz

